

***А.Б. ТҮРДЫМУРАТОВА**

Докторант, Ўзбекистон Республикасы Ғылымдар Академиясы Ўзбек тили, адабиети және фольклоры институты, Ташкент, Ўзбекистон

*Корреспондент авторы: aqsungul88@gmail.com

ЭПОСТАРДА ДЭСТҮРЛІ ФОРМУЛАЛАР ЖӘНЕ ПОЭТИКАЛЫҚ СИМВОЛДАР

Түйін

Мақалада қарақалпақ халық дастаны «Алпамыс» (Өгіз жырау варианты) пенен өзбекше «Алпомиш» дастаны (Фазыл Юлдаш варианты) салыстырмалы талданады. Атап айтқанда, екі дастанда кездесетін дәстүрлі формулалар (көркем қайталаулар немесе тұрақты өлең шумақтары) және поэтикалық символдардың ұқсастық және өзгешелік тұстары ашып көрсетіледі. «Алпамыс» дастанының қарақалпақша Өгіз жырау версиясында да, өзбекше Фазыл Юлдаш версиясында да басқа дастандарда ұшырасатын дәстүрлі формулалар, көркем бейнелі суреттеулер көп кездеседі. Екі версияда да жыраулар негізінен дәстүрлі формулаларға сүйеніп, өзінің шығармашылық талантымен жырлайды. Дастандарда ұшырасатын бұндай дәстүрлі қатарлар шығарманы мазмұндық жақтан байытуға емес, ал сюжеттераралық байланыс құралын атқарады, тіпті сюжет қозғалысын қамтамасыз ететін құрал ретінде де маңызды. Қайталау – түркі халықтар дастандарында кең тарқалған стильдік құралдардың бірі. Бұл құрал дастандардың тек мазмұндық бөлімін ғана емес, соның менен қатар көлемін де қамтиды. Мақалада лашын және тұлпар образдарының символдық мәнілеріне талдау жасалады.

Түйін сөздер: лашын, тұлпар, дәстүрлі формула, көркем қайталау, тұрақты өлең шумақтары, символ.

Кіріспе

Фольклор тілі үнемі әдебиеттанушылардың, тарихшылардың, этнографтардың және мәдениеттанушылардың назарын аударып келеді. Фольклор жанрларының әрқайсысының өзіне тән поэтикасы мен тілдік ерекшеліктері бар, олар халықтардың мәдени мұрасының бір бөлігі болып табылады. Фольклор тілінің ең маңызды ерекшелігі оның дәстүрлігі болып табылады. Мысалы, фольклорда эпикалық шығармалардағы дәстүрлі формулалардың қолданылуы арқылы кейіпкерлердің қасиеттері мен сыртқы келбеті сипатталып, сюжет барысы мен композициялық ерекшеліктері айқын көрініс табады.

Дастандарда өлең шумақтарындағы қайталаулар халықтың ауызекі, поэтикалық шығармашылығында ғана емес, ерте заманнан бүгінгі күнге дейінгі көркем әдебиетте де сюжет байланысын қамтамасыз етіп туратын нағысты сөздер тіркесі саналады. Көркем қайталаулар түркі халықтар дастандары мәтнінде жиі кездесетін құбылыс.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында фольклортану, әдебиет теориясы, тарих, этнография, мәдениеттану мәселелеріне байланысты теориялық еңбектерге шолу жасалды. «Алпамыс» дастанының қарақалпақша Өгіз жырау варианты мен өзбекше Фазыл Юлдаш вариантын талдау барысында мазмұндық ерекшеліктеріне шолу, сипаттау, жүйелеу, талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Аталған мақалада, фольклортанушы ғалымдардың тұжырымдары талданып, қорытыланды.

Талқылау мен бақылау. Фольклортануда дәстүрлі формулалар әрқилы терминдер менен аталады. «Фольклорлық тілдің ең елеулі белгісі дәстүршілдік екені белгілі. Фольклорда ол, ең алдымен, көптеген және алуан түрлі дәстүрлі формулаларды қолдануда көрініс табады. Кейіпкерлердің әр алуан қасиеттері мен келбеті формулалар арқылы суреттеледі; олар арқылы ертегілердің сюжеттік қимылдары мен композициялық ерекшеліктерін де байқауға болады. Дәстүрлі формулалар терең түпнұсқа болып табылады, олар ұлттық ертегілік ерекшеліктерді және оларды жасаған халықтың мәдени ерекшеліктерін айқын көрсетеді» [1].

Біздің зерттеу объектіміздегі «Алпамыс» эпосының қарақалпақша Өгіз жырау версиясында да, өзбекше Фазыл Юлдаш версиясында да басқа эпостарда ұшырасатын дәстүрлі формулалар, көркем бейнелі баяндаулар көп кездеседі. Екі версияда да жыраулар

негізінен дәстүрлі формулаларға сүйеніп, өзінің шығармашылық қабілетімен жырлайды. Мәселен, эпостың Өгіз жырау вариантында Гүлпаршын мен анасы Байсыннан Тайшыхан еліне шығып бара жатқанда елін, тең өскен құрбыларын қимай, қоштасу айтып:

Лашын едим, қанатымнан қайырылдым,

Жүйрік едим, дойнағымнан майырылдым [2], - деп зар жыласа, Алпамыс зынданда жатқанда Әшім оған:

Мен жүриппен дойнағынан майырылған,

Лашын едим, қанатымнан қайырылған [2], - деп Тайшыханнан көрген қорлықтарын айтып мұңаяды.

Тап осы қатарлар Құлтай бабаның Алпамыспен ұшырасқанында да, Жәдігердің жетімдігін есіне алып зарланғанында да қайталанады.

Ал, Фазыл Юлдаш версиясында бұл қатарлар:

Учқур эдим қанотимдан қайрилиб,

Югрук эдим туёғимдан тайрилиб...

Немесе:

Учқур эдинг, қанотингдан қайрилдинг,

Югрук бўлсанг, туёгингдан тайрилдинг..., - деп бірнеше жерде кездеседі [3].

Әдебиеттегі формула – жалпы формулалықтың ерекше аспектілерінің бірі. Мұнда формула – ұқсас ойларды жеткізу үшін автордан авторға өздігінен өтетін (дәйексөздер мен еске түсірулерде көрсетілген саналы қолдану сирек кездесетін) дәстүрлі элемент, соның нәтижесінде ол бірнеше рет қайталанып, салыстырмалы түрде тұрақты формаға ие болады. . Фольклорлық формуланың дихотомиялық белгілеріне келсек (тұрақтылық/өзгергіштік, өзгермелілік/өзгергіштік, үлгілік/үлгісіздік) олар да әдеби формулаға тән, бірақ бір ғана айырмашылығы – әдебиетте формула көбірек өзгергіштікке бейім. [4].

Қайталаулар әдетте бірнеше шумақта кездеседі. Жоғарыдағы мысалдарда бір қатарларда «қайырылдым», «майырылдым» немесе «қайрилдинг», «тайрилдинг» болып келсе, басқа бір жерлерде «қайырылған», «майырылған» немесе «қайрилиб», «тайрилиб» түрінде келе береді. А.Н. Веселовский эпостарда ұшырасатын бұндай қайталаулар жайлы: «Шумақ қандай да бір жағдаймен, көрініспен басталып, ол әрі қарай қосық қатарларында дамиды. Келесі шумақтың басы бізді қайтадан сол жағдайға, кейде (азғана өзгерістермен) бірінші шумақтың бастамасына қайтарады және сол жағдай тағы да дамиды, тек бір жаңа деталь, бір штрих оқиғаны ақырын алға жылжытады» [5], - дейді.

Әрқилы дастандарда қайталанып келетін осы мысалға алынған қатарлардағы лашын мен тұлпар бейнесі символикалық мәніге ие. Дастандағы азап шеккен құстар мен жылқылардың бейнелері кейіпкердің қайғысы мен бақытсыздығын көрсетеді.

Лашын символы дала көшпенділерінің мәдениетімен тығыз тарихи байланысқан. Түркі мифологиясы және эпикалық дәстүрлерінде лашынның немесе лашынтектес басқа да құстардың маңызды символдық мәні бар. Ол күш, еркіндік және құдаймен байланыс сияқты қасиеттерді білдіреді. Лашындар рухтың күші және жанның аспанға көтерілу қабілетін бейнелейтін аспан құдайы Тәңірмен байланыстырылады. Бұл символизм түрлі түркі эпостарында кең тарқалған және түркі халықтарының көшпенді және шамандық мәдениетінде терең тамырланған.

Г.Н. Симаковтың көрсетуінше, Орта Азия және Қазақстан аумағындағы түркі халықтарда лашын соғыста қаза тапқан немесе табиғи өлген жауынгердің рухының материалдық бейнесі болып саналған. Батырлар келбетін бейнелейтін эпитеттер арасында «лашын» мен «бүркіт» ерекше атап өтіледі [6].

Шынында да, Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы түркі халықтардың арғы ата-бабалары көшпенді, жартылай көшпенді тұрмыс кешіріп, аңшылықпен де шұғылданып келген. Аңшылықта лашын, бүркіт басты қызметтердің бірін атқарған. «Көшпенділердің әскери ұйымы тұрмысында лашынмен аң аулау маңызды рөл атқарды. Көшпенділер «Лашынмен аң аулау – соғыстың анасы» деп атаған» [7].

Негізін түркі халықтар құраған Алтын Орда мемлекетінің археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған гербінде екі басты бүркіттің бейнеленуі де кездейсоқ емес. Қазіргі таңда екі басты бүркіттің кейбір славян елдері гербінде (соның ишінде Россия Федерациясының) символикалық көрініс тапқанының да тарихи мағынасы бар.

“Алпомиш” дастанында (Ф.Юлдаш варианты) лашын мен тұлпар ұшқыр (учкур), жүйрік (югрук) деп қолданылады. Шынында да, лашынтөктес сапсан орнитология ғылымында ең ұшқыр құс ретінде тән алынған. Ал, су тұлпардың ең жүйрік жануар екендігі көне мифологиялық түсініктерде-ақ қалыптасқан.

Осы орында айтып өту мүмкін, дүние археологтарын таң қалдырған Ақшахан қала (Қарақалпақстан Республикасы Бөрүни ауданы аймағында орналасқан) археологиялық кешенінде бұдан 2300 жыл бұрынғы бояуы кетпеген фрескалар табылған еді. Б.э.д. III-II ғасырға тиісті бұл қабырға фрагменттерінде басына құс тәрізіндегі тәж киген патшалардың образдары да бейнеленген. Демек, Оңтүстік Аралбойы халықтары ертеден жабайы құстарды ерекше қастерлеген.

Осылардан келіп шығып, “лашын едім” дегенде кейіпкер өзінің алдын еркін, бақытты, күшті болғанын айтады, “қанатынан қайырылу” фразеологиялық тіркесі оның басына күн туғанын, әлсіз күйде қалғанын көрсетеді.

Дәстүрлі формулаларда жүйрік ат образы да жиі бейнеленіп, оның да өз алдына символикалық қызметі бар. Тұлпар образы түркі эпостарында ерекше маңызды рөл атқарады. Тұлпар – батырдың адал жолдасы, күш пен жүйріктік, тездік символы ретінде бейнеленеді. Түркі халықтар мифологиясында тұлпар батырдың рухани күші мен ерлігінің көрінісі болып табылады. Әдетте, тұлпарлар ерекше қасиеттерге ие, мысалы, адам сияқты сөйлеу, ұзақ қашықтықты аз уақытта басып өту, қиын жағдайларда батырға жәрдемдесу сияқты қабілеттері бар. Бұл образ түркі мәдениетінде батырлықтың, сенімділік пен еркіндіктің символы ретінде танылады.

Ғасырлар бойы көшпенді халықтар тұрмысында жылқының маңызы ерекше болғаны белгілі. Жылқының сүтін сауып, өзін көлік етіп мініп, етін азық етіп келген ел-халық төрт түліктің төресіне байланысты көптеген аңыздар, өлеңдер, мақал-мәтелдер шығарған. Соның баршасында жүйрік, жорға, тұлпар, арғымақ көкке көтермелене мадақталады.

Ерте заманда түркі халықтар үшін жылқы соғыс кезінде тек «көлік құралы» ғана болып қойған жоқ – ол жауынгерлер үшін адал дос және қарулас жолдас болды, нәтижеде жылқының жеңіспен байланысы туралы идеялар пайда болды. Халық ауызекі шығармашылығында жылқы даналық, күштілік, шапшаңдық, жеделдік, батылдық, адалдық, намысшылдықтың символы саналады. Сондықтан, “Алпомиш” дастанында *әребі ат, хаса ат, бедеу, тұлпар* және т.б. жүйрік аттар бейнесіне байланысты тұрақты өлең шумақтары жиі қайталанады. Мысалы:

*Майдон бұлса бедов отлар чопилар,
Чопиб келса банот жуллар ёпилар,
Бормасин, ўғлима хотин топилар.
Ҳеч кимга бермайин кетгайсан хабар [3],*

Немесе:

*Остингда иргиса араби тулпор,
Бу йўлда кўрмагин, акажсон, хатар,
Сенинг дуогўйинг мендай муштипар.
Эл кўчириб Олатовдан оширдим,
Улуғланиб остонага бош урдим,*

Боргин, эмикдошим, ҳаққа топишрдим [3], - деп келсе, қарақалпақша версияда “Минген бедеў жселер ме”, “Минген бир бедеў жселгенди”, “Бедеў минген қыя шөлде жселмей ме”, “Бедеў минген мәрттиң жүреги тасар”, “Бедеў минсең, қыя шөлде жселесең” сияқты тұрақты көркем қайталаулар ұшырасады. Мәселен:

Бедеў минсең, қыя шөлде жселесең,

*Өзиң жалғыз, зор саудаға көнесең,
Кетер болсаң енди, жалғыз шырағым,
Неше айда, неше күнде келерсең?*

Немесе дастанның Өгіз жырау вариантында Байшұбарға мынадай сипат беріледі:

Суұ тулпардан болғанды,

Жел бийеден туғанды... [2]

Дастандарда тұлпарлар көбінесе “су тұлпар” деп дәріптеледі. Судан шығатын тұлпарлар туралы аңыздар түркі халықтар фольклорында көп кездеседі, олардың барлығының шығысы бір географиялық ареал – Арал-Каспий аумағымен байланысады. Қарақалпақ фольклорында да «су мен жылқы» байланысы «су жылқылары» деген фольклорлық образдан көрініс тапқан. Осындай теңеудің түркілерге де тән болғандығын көрсететін мысалдардың бірі осы “Алпамыс” дастанындағы дәстүрлі қатарлардан да көрінеді.

Су жылқысы – аңыздар бойынша тауды айналып жүгіре алатын мифологиялық жаратылыс. Бұл жаратылыс әдетте суда жүзетін ұзын құйрығы мен жалы бар жылқы ретінде сипатталады. Бұл жақсы да, жаман да болуы мүмкін, бірақ әрқашан сумен және таулармен байланысты. Кейбір аңыздарда су жылқысы бостандық пен тәуелсіздіктің символы болып саналады.

Дастанның қарақалпақша версиясындағы “Жүйрік едим, дойнағымнан майырылдым”, өзбекше версиясындағы “Югрук бўлсанг, туёғингдан тайрилдинг” сияқты қайталанып келетін қатарларда кейіпкер өзін метафоралық суреттеу арқылы жүйрік тұлпар болып, тұяғынан майырылып бақытсыз жағдайға душар болғандығын білдіреді.

Нәтижелер. Дәстүрлі формулалар сюжеттің маңызды, ерекше тұстарын тұрақты түрде сақтайды. Олардың көпшілігі сюжеттің белгілі бір эпикалық образдарымен байланысады. Біріншіден, олар кейіпкерлерді атап, сол арқылы айқындаушы және типтестіруші қызметтерін атқарады. Екіншіден, формулалардың көпшілігі негізгі кейіпкерлер айналасында топтасып, олардың атрибуттарын, әрекеттерін немесе сөздерін, сондай-ақ басқа кейіпкерлерге болған қатынасын көрсетеді. Мысалы, “Алпамыс” дастанының Өгіз жырау вариантында “*Хауа жаусын, айдын көллер хөл болсын, Жылдан жылға аз дәулетің мол болсын*” тұрақты формуласы 3 жерде қайталанып, дастанның бас кейіпкерлері Алпамыс пен Қаражанға байланысты қолданылады.

Символдар болса фольклорда бірінші кезекте дәстүрлілігімен характерленеді. Бұл дәстүр ғасырлар бойы қалыптасып, көпшілік орындарда тарихи жақтан халықтың ұзақ тарихына, әртүрлі мифологиялық сенімдерге барып байланысады.

Қорытынды. Әрбір дәстүрлі символ конкрет текстте өзінің жаңа семантикалық тараптарын көрсете алады. Бұл болса фольклордағы қарапайым, қайталанбас көркемдікті, мазмұндылықты қамтамасыз етеді. Фольклордағы көпшілік символдардың түпкілікті поэтикалық мәнісі дерлік өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпақтарға өтеді.

Фольклорда белгілі бір шығарма немесе ақын-жырауға тиісті индивидуал символ жоқ. Дәстүрлілік, жалпылық бір жанрға тиісті шығармалар шеңберінде түпкілікті тұрақты мәнілік фольклордағы символдар үшін жетекші қасиет саналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Егорова О.А. Традиционные формулы как знаковая характеристика фольклорного произведения. // Науч.-информ. изд. центр и ред. журн. «Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук», 2016. № 9-1, б. 270-274.

2. Қарақалпақ фольклоры. Көптомлық. «Алпамыс» (Өгіз жырау варианты). I т. – Нөкіс: “Қарақалпақстан”, 2007, 756 б.

3. «Алпомиш». Ўзбек халқ қахрамонлик достони (Айтувчи: Фозил Йўлдош). – Тошкент: «Янги нашр», 2019, 400 б.

4. Киндеркнехт А.С. Формула как инструмент лингвокультурного анализа. - Издательство Пермского национального исследовательского политехнического университета, 2018, 182 б.

5. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. – М.: Высшая школа, 1989. 404 с.

6. Симаков Г.Н. Соколиная охота и военное дело у кочевников Средней Азии и Казахстана // Кунсткамера. Этнографические тетради. Вып. 5-6. – СПб., 1994. С. 171-186.

7. Рыблова М.А. «Взвейтесь, соколы, орлами»: орнитоморфная символика в восточнославянской воинской традиции // Этнографическое обозрение. 2007. № 2. С. 86-106.

*** А. Б. ТУРДЫМУРАТОВА**

Докторант, институт узбекского языка, литературы и фольклора Академии Наук Республики Узбекистан, Ташкент, Узбекистан

*Автор для корреспонденции aqsungul88@gmail.com

ТРАДИЦИОННЫЕ ФОРМУЛЫ И ПОЭТИЧЕСКИЕ СИМВОЛЫ В ЭПОСАХ

Аннотация

В статье сравниваются каракалпакский народный эпос «Алпамыс» (вариант Огыз Жырау) и узбекский эпос «Алпомиш» (вариант Фазыл Йулдаш). В частности, выявляются сходства и различия традиционных формул (художественных повторов или регулярных строф) и поэтических символов, встречающихся в двух эпосах. И каракалпакский вариант эпоса «Алпамыс» Огыз жырау, и узбекский вариант «Фазыл Юлдаш» содержат множество традиционных формул и художественных описаний, встречающихся в других эпосах. В обеих версиях сказители в основном опираются на традиционные формулы и поют собственным творческим талантом. Подобные традиционные линии, встречающиеся в эпосах, не обогащают произведение по содержанию, а служат средством межсюжетной связи. Повтор – один из распространенных стилистических приемов в эпосе тюркских народов. Этот инструмент включает в себя не только содержательную часть эпоса, но и объем. В статье анализируется символическое значение образов сокола и скакуна.

Ключевые слова: стервятник, Тулпар, традиционная формула, художественное повторение, устойчивые строфы стихов, символ.

*** A. B. TURDYMURATOVA**

Doctoral student, Institute of Uzbek language, literature and folklore of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan, Tashkent, Uzbekistan

*Corresponding author: aqsungul88@gmail.com

TRADITIONAL FORMULAS AND POETIC SYMBOLS IN EPICS

Abstract

The article compares the Karakalpak folk epic "Alpamys" (variant Ogyz Zhyrau) and the Uzbek epic "Alpomish" (variant Fazyl Yuldash). In particular, similarities and differences in traditional formulas (artistic repetitions or regular stanzas) and poetic symbols found in the two epics are revealed. Both the Karakalpak version of the epic "Alpamys" Ogyz zhyrau and the Uzbek version Fazyl Yuldash contain many traditional formulas and artistic descriptions found in other epics. In both versions, the storytellers mainly rely on traditional formulas and sing with their own creative talent. Such traditional lines found in epics do not enrich the work in content, but serve as a means of inter-plot connection. Repetition is one of the common stylistic devices in the epics of the Turkic peoples. This tool includes not only the content of the epic, but also the volume. The article analyzes the symbolic meaning of the images of a falcon and a racehorse.

Key words: Vulture, silhouette, traditional formula, artistic repetition, regular stanzas, symbol.

Автор туралы мәлімет:

Тўрдымўратова Абадан Баймўратовна – Ўзбекстан Республикасы Ғылымдар Академиясы Ўзбек тили, әдебиеті және фольклоры институты докторанты, Ташкент, Ўзбекстан. Тел.:+998999091822

Информация об авторе, ответственном за сообщения:

Турдымуратова Абадан Баймуратовна – докторант Института узбекского языка, литературы и фольклора Академии наук Республики Узбекистан, г. Ташкент, Узбекистан. Телефон: +998999091822

Information about the author responsible for contacts:

Turdymuratova Abadan Baymuratovna is a doctoral student at the Institute of Uzbek Language, Literature and Folklore of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan, Tashkent, Uzbekistan. Phone: +998999091822